

Менін туу

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері!

К(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және К(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 167
(6868)
1944 жыл
Сәрсенбі
23 август
Жеке саны
20 тыйын

МАЙДАНДЫҚ ОНКҮНДІКТІ ОЙДАҒЫДАЙ ӨТКІЗЕЙІК

Соғыс кезіндегі бітік егінді қысқа мерзім, ысырапсыз жыйнау алу жөніндегі партия мен үкметтің, майдан мен еліміздің лхоз деревнясы алдына қойған талаптарына облыстарымыздың көптеген колхоздары мен колхозшы әйелдері егін далада қажірлі еңбек істеумен жауап беру-

Алайда, кей бір аудан басшылары, басушы партия ұйымдары мен колхоз председателдері егін оруды жұмысындағы маңай алды колхозшылардың, комбайншылар мен тракторшылардың іс тәжірибесін көпшіліктің игілігіне айналдыра алмай отыр. Еңбекшілер бұхарасының өндірістік өрлеуін тиімділік қозғалысын егінді қысқа мерзімде жыйнап алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын үкмет тағайындаған мерзім ішінде орындау мақсатына пайдалана алмай келеді.

Барлық жерде бірдей егін жыйнау жұмысына керекті көлік күші, егін жыйнайын және соғатын машиналар, тағы басқа а көмекші құралдар әлі күнге түгел жұмысқа қосылған жоқ. Колхоз ауданының уворов МТСындағы 8 молотилканың 4 ына жөнделді, олардың өзі де әлі күнге гін соғу ісіне пайдаланылған жоқ, ал ысы ауданның Чистян МТСдегі (директоры Назаренко жолдас) күрделі 9 молотиланың бірде бірі осы уақытқа дейін жөнделген жоқ. Мұның үстіне колхоздарда айдаланып отырған көлік күшін, әлі аз беретін сыйырлардың жұмысқа артылмағандығын, егін оратын және соғатын басқа да жабайы құралдардың жұмысқа толық қосылмағандығын қосқанда бұл ауданда егін жыйнау жұмысының кешіргізі арта қалып отырған себебі өзінен өзі түсінікті.

Жұмыста тәртіп, ұйымшылдық болмаған жерде—мемлекет тапсырмалары орындалмайды, жұмыс сапасы мейлінше төмен болады. Преснов ауданы колхоздарының егін жыйнау жұмысында артта қалудың бір себебі жұмыста ұйымшылдықтың жоқтығынан болып отыр. Осы аудандағы «Красный партизан» колхозында мүмкіншіліктің толық пайдаланылмағандығын, өндірісте еңбек тәртібінің жоқтығынан 12 жұмыс күні ішінде 97-ақ гектар егін орылған. Ал сол колхозда мүмкіншілікті толық пайдаланған бір күн ішінде 60 гектар егін орылды. Осы сияқты мисалдар Мамлют, Соколов тағы басқа аудандар да жоқ емес.

Осының салдарынан облыс бойынша 13 августа дейін дәнді егістің 22,6 проценті ғана жыйналып, мемлекетке астық тапсыру жоспарының 3,6 ақ проценті орындалды. Сөйтіп егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алу, мемлекетке астық тапсыру қарқынның күшейтуі әлі бүкілхалықтық іске айналған жоқ.

Облыстық партия комитетінің бюросы аудан, совхоз, МТС пен колхоз басшыларының КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің және К(б)П Орталық Комитеті XI пленумының қаулыларын орындаудағы бейғамдық, егін жыйнау жұмысындағы бұл сияқты баяулықты дереу жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануды талап етті және егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру қарқынның күшейту мақсатымен КК(б)П обкомбюросы барлық колхоздар мен МТСтарда, совхоздар мен көмекші шаруашылықтарда 25 августтан 5 сентябрге дейін майдандық онкүндік өткізу жөнінде қаулы алды.

Майдандық онкүндікте колхоз, совхоздардың, МТС пен көмекші шаруашылықтардың барлық өндірістік мүмкіншіліктерін егін орудың алғашқы күндеріндегі болған әлқылқтарды жоюға жұмылдыру—колхоздар мен совхоздардағы партия-комсомол, кеңес орындарының айбынды міндеті.

Майдандық онкүндік басталғанға дейін шабылған қара бидайды маялау ісі толық аяқталуға тиіс. Майдандық онкүндіктің алғашқы күндерінде шабу мен маялаудың арасындағы алшақтықты жою керек. Әрбір лобогрейкашының, оракшы мен қолшалғышының, комбайншы мен тракторшының жұмысын мұқият тексеріп, олардың күнделік жұмыс мөлшерін орындауларына бөгет болатын себептерді жоюға батыл шаралар қолданылсын. Егінді маялауда, оны соғуда, мемлекетке астық тартуда әрбір кол-

хозшы, совхоз жұмысшысы қандай жағдайда болса да өздеріне тапсырылған күнделік жұмыс мөлшерін орындап отыратын болулары керек.

Егін жыйнау жұмысының қарқынның күшейту үшін колхоздың жұмыс жоспары бойынша барлық лобогрейкалар мен егін оруды бейімделген шөп машиналары түгел жұмысқа қосылып, оған қосымша лобогрейкалар мен шөп машиналары бөлінісін, қолшалғышылар мен оракшылардың саны бұрынғыдан арттырылып, оларға күнделік жұмыс мөлшері беріліп отырылсын. Заттай ақы әрбір колхозшы мен жұмысшының істеген жұмысына қарай төлену тәртібі бұл жытпай қолданылсын. Сонымен бірге жұмысқа іріңкесектік туғызушылар, өндірісте еңбек тәртібін бұзушылар заң бойынша қатаң жауапқа тартылатындығы егін даласындағы әрбір еңбекшінің есінде болуға тиісті.

Егін оруды, маялаудың арасында алшақтық туғызуға үшін колхоз басшыларының тағы бір ескеретін ісі: егін маялауға арба жетпеген күнде сүйреткі қолдану ісі ұйымдастырылсын. Ал егін соғу жұмысын күшейту үшін егін соғатын күрделі және жабайы молотилкалармен және қолмен егін соғуды тәулік бойына жүргізу керек. Сонымен бірге дирмендердегі, май заводтарындағы және басқа мекемелердегі күш беретін орындарды егін соғу ісіне бейімдеу шарасы да қолданылатын болсын.

Колхоз председателдері, бригадирлер, бастауыш партия және комсомол ұйымының секретарьлары колхоз өндірісіне үлгілі тәртіп орнатуға ерекше назар аударуға міндетті. Колхозшылардың жұмыс уақыты жоспар бойынша жүргізілуі керек. Күн сайын жұмыс басталар алдында әрбір колхозшыға бір сменада істейтін жұмысы өлшеніп беріліп, оның сол жұмысты бітірмей егін даласынан кетуіне болмайтындығы оған үнемі түсіндіріліп отырылуы хажет.

КК(б)П облыстық комитетінің бюросы майдандық онкүндікті өткізу жөніндегі қаулысында колхоз басшыларынан көпшілік тамақтандыру ісін мейлінше жақсартуды талап етті. Дүрысында да жұмыс мөлшері толық және артығымен орындалуы үшін колхозшыларға жақсы тұрмыс жағдайы жасалуға тиіс. Сондықтан обком бюросы жұмыс істеуші колхозшыларға тамақты апарып беруді және көпшілік тамақтың сапасын жақсарту үшін әрбір колхозда 2—3 құс атушылар бөлуді колхоз басшыларына ерекше міндеттеп отыр. Облыстық партия комитеті колхоздар мен совхоздардағы егін жыйнау жұмысын күшейту үшін майдандық онкүндік ішінде қаладағы өнеркәсіп орындарынан мыңдаған адамдар мен көптеген көлік және машина күштерін жібергелі отыр. Колхоз басшылары, совхоз директоры және жергілікті партия ұйымының секретарьлары егін жыйнау жұмысына көмек көрсету үшін барған адамдардың күшін толық пайдалануға ерекше көңіл бөлулері керек. Колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының және қаладан барған адамдардың жұмыс мөлшерлерін артығымен орындап, еңбек үлгісін көрсеткендерге беру үшін әрбір колхоз бен совхозда ақшадай және заттай сыйлық қоры бөлінетін болсын. Сыйлық беру жұмысы 5 күнде бір рет жүргізіліп отырылуға тиіс.

Майдандық онкүндікті ойдағыдай өткізу үшін бұл жөндегі облыстық партия комитетінің белгіленген шаралары онкүндік басталар алдында бастауыш партия, комсомол ұйымдарының, МТС, совхоз жұмысшыларының және колхозшылардың жалпы жыйылыстарында талқыдалып, егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмысының қарқынның күшейту жөнінде нақты шаралар белгіленуге тиіс.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымының секретарьлары колхозшылар мен совхоз, МТС жұмысшылары арасында саяси көпшілік жұмысын перменінше өрістетіп, социалистік жарыс туын жоғары ұстауға міндетті.

Әрбір колхоз бен совхоздар егін жыйнау, мемлекетке астық тапсырудың майдандық онкүндігін ойдағыдай өткізіп, егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алуды, еліміз бен жеңімпаз Қызыл Армиямызға астықты еселеп мол беруді қамтамасыз етейік!

Кеңес Хабаршы бюросынан 21 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

21 августа ТАРТУ қаласының оңтүстік-шығыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз 30дан аса елді жерді, оның ішінде ВЫБСТЕ, КАМБЬЯ, ЭННУ, ЛУТИКА, НЭРУТИ, ТАММЕ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды.

РИГА қаласының шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қарсылығын жеңіп, ГОСТИНИ қаласын және басқа да бірнеше елді жерді алды.

ИЕЛГАВА (МИТАВА) қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарды. Командованиенің бұйрығы бойынша, әскерлеріміз ТУКУМС қаласын қалдырып, қолайлы позицияға шегінді.

ШАУЛЯИ (ШАВЛИ) қаласының солтүстік және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтарды.

ПРАГАНЫң солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің атакаларын ойдағыдай тойтарды, сөйтіп қарсы атакалар нәтижесінде 50ден аса елді жерді, оның ішінде ПРОСТЫНЬ, ЗЕЛЕНЕЦ, ЛОСЕВИЦЕ, ЯСЕРУВКА, ЛЕТНЕ, УРЛЕ, ЯДУВ, ЗАДРОСЫЦЬ, ТРОЯНЫ, ТЛУЩ үлкен қыстақтары мен ЛОХУВ, УРЛЕ, ШЕВНИЦА, ТЛУЩ темір жол станцияларын алды.

САНДОМИР қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінің сол жақ жағалауындағы табан тірейдің лебіні ұлғайту үшін ұрыстар жүргізіп, өздерінің позицияларын жақсартты. САНДОМИРДІң солтүстік жағында дұшпанның қоршауда қалған әскер тобын жоюда жау адам бұші мен техникасы жағынан мынадай шығынға ұшыратылды: немістердің 88 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі, 18 бронетранспортері, түрлі калибрлі 142 зеңбірегі, 100ден аса минометі, 100ден аса автомашинасы, 35 таяғы жойылды. Дұшпан ұрыс даласында солдаттары мен офицерлерінің 12 мыңдай өлігін қалдырды. Әскерлеріміз бұл ауданда жаудан мынадай олжа: 20 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, түрлі калибрлі 72 зеңбірек, 83 миномет, 120 пулемет, 5 мыңнан аса винтовка мен автомаг қолға түсірді. Немістердің 1550 солдаты мен офицері қолға түсірілді.

Майданның басқа учаскелерінде барлаушылардың іздестіруі және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

20 августа әскерлеріміз барлық майданларда немістердің 206 танкін қыйратты, жойды. Өуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 88 самолеті атып түсірілді.

Қызылтулы Балтық Флотының соғыс-теңіз күштері немістердің 4 миноносесін суға батырды

Қызылтулы Балтық флотының соғыс-теңіз күштері Нарва қолтығында немістердің әр қайсысы 120 мың тонналық 4 миноносесін суға батырды. Миноносцтердің командалары суға кетіп қырылды, қолға түсірілді. Кеңес кемелері немістердің 107 матросы мен офицерін қолға түсірді. Қолға түсірілгендердің ішінде миноносцтердің алтыншы неміс флотилиясының командирі корветтен-капитан Копенгаген бар.

Суға кеткен миноносцтер 1942—1943 жылдары жасалған, бұлар немістердің қазіргі кемелерінің типіне жатады. Миноносцтің жылдамдығы—сағатына 34 үзел (60 километрден аса) жер жүреді. Олардың әр қайсысында 105 миллиметрлік 4 зеңбірек, 35 миллиметрлік 2 автомат зеңбірегі, 20 миллиметрлік 3 зеңбірек және 6 торпеда аппараты бар. Миноносцтің командасы 190 адамнан құралған.

Тарту қаласының оңтүстік-шығыс жағында Н. құрамасының бөлімдері жаудың тіректі бекіністерін қоршап алып, оның гарнизондарын жоюда және батыл алға басуда. Кеңес жауынгерлері Выбсте қыстағын тікше шабуылмен алды. Ұрыс даласында жаудың 300 өлігі қалды. Дұшпанның 9 зеңбірегі, 25 минометі мен пулеметі жойылды. Жаудан олжа және адамдар қолға түсірілді.

Тарту қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның қатты қарсылығын жеңіп, жолдардың үлкен торабы—Камбья қыстағын және немістердің Лутика күшті тіректі бекінісін алды.

Рига қаласының шығыс жағында әскерлеріміз шабуылды күшейте отырып, Айвиэксте өзенінің оңжақ жағалауындағы Гостини қаласының солтүстік жақ шет аймағына жетті. Екінші бір бөліміміз қаланың оңтүстік жағында Айвиэкстен өтті. Аз уақытқа созылған ұрыстан кейін дұшпан гарнизоны талқандалып, әскерлеріміз Гостини қаласын алды. Екінші бір жерде кеңес бөлімдері бірнеше елді жерді алды. Жаудың екі батальон жаяу әскері, 2 зеңбірек батареясы, қару-жарақ, оқ-дәрі қойылған 5 складты тағы басқа олжа қолға түсірді. Немістердің 300 адамы қолға түсірілді. Соғыс ұрыстарда орасан көп шығынға ұшыраған дұшпан асығыс түрде тың күш әкелуде.

Иелгава (Митава) қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында қатты ұрыстар болды. Дұшпан 400ден аса танкін, жаяу әскерлерінің ірі күштерін ұрысқа шығарып, позициямызға үздіксіз атакалар жасауда. Кеңес жауынгерлері жауға нәсерлете оқ жаудырып, қарсы атқа жасауда сөйтіп оны қуып тастауда және немістерді адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшыратуда. Н. құрамасының бөлімдері

жаудың бірінен соң бірі жасалған 10 атакасын тойтарды. Толық емес мәлімет бойынша, 1000нан аса гитлершіл қырылды. Немістердің 64 танкін, 10 бронетранспортері мен 6 бронемашинасы қыйратылды, өртенді.

Бомбашы және штурмашы авиациямыз немістердің 4 темір жол эшелонын, 120 автомашинасын өртеді және дұшпанның танктері мен жаяу әскерлерінің бірнеше колоннасын тоғыздатты. Өуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен жаудың 12 самолеты атып түсірілді.

Шауляи (Шавли) қаласының солтүстік жағында дұшпанның танктері мен моторлы жаяу әскерлерінің ірі күштері батыс жақтан Иелгава қаласы төңірегінде қыймыл жасаушы әскерлеріміздің қатынас жолдарына өтуге тырысты. Немістер әлде нешерт атакала шықты, бірақ ешбір жеңіске жетісе алмады. Кеңес позицияларының алдында жаудың өртенген және қыйраған 50ден аса танкі қалды. Үлкен сержант Шта-сеевтің басқаруындағы зеңбірекшілеріміз немістердің 4 танкі мен дұшпанның бронетранспортерін өртеді. Үлкен сержант Фокин мен қатардағы жауынгерлер Шабин және Патрикеев ұрыста жараланса да жауға зеңбіректерден оқ жаудыруды тоқтатпай, дұшпанның 2 танкін қыйратты. Сержант Чуркин немістердің ауыр танкін өзінің окопынан өткізіп жіберді де оған танкіге қарсы ататын мылтықтан оқ атты, жау танкі өртенді.

Праганың солтүстік-шығыс жағында (Варшава төңірегінде) Вислань оңжақ жағалауында дұшпан жуыр арада айырылып қалған позициясын қайтарып алуға тырысып, бүгін таңертең қатты атакала шықты. Неміс танктері мен жаяу әскерлері зеңбіректеріміз бен минометтерден жауған оққа кездесіп, орасан көп шығынға ұшырады да кері шегінді. Әскерлеріміз жауға дереу қарсы атакала жасады. Қатты ұрыстар шиеленісті, бұл ұрыстардың барысында кеңес бөлімдері алға басып, Варшава-Белосток темір жолының үлкен учаскесін немістерден тазартты. Дұшпан Летне, Урле, Ядув күшті тіректі бекіністерден және Тлуш жолдар торабынан қуып шығарылды. Жаудың 1000дай солдаты мен офицері жойылды, 26 танкі мен 250 зеңбірегі өртенді, қыйратылды. Толық емес мәлімет бойынша; немістерден түрлі калибрлі 14 зеңбірек, 9 миномет, 27 пулемет, 3 радио станциясы және оқ-дәрі, азық-түлік қойылған бірнеше склад қолға түсірілді. Жаудан адамдар қолға түсірілді.

Қара теңіз флотының авиациясы дұшпанның Констанца және Сулин порттарындағы кемелеріне бомбалар жаудырып, соққы берілді. Жаудың бір эскадра миноносесі, 2 баржасы мен бір торпеда катері суға батырылды. Дұшпанның 2 үлкен транспорты қатты зияндалды.

АЗАТ ЕТІЛГЕН ЛЮБЛИН ГАЗЕТТЕРІ

ЛЮБЛИН, 21 август. (ТАСС). Жаудан азат етілген Люблинде августтың басынан бастап екі газет—Польша Улт Азаттығы Комитетінің «Речь Посполита» газеті мен

жергілікті демократиялық «Любельска» газеті шыға бастады. Газеттер өздерінің алғашқы сандарында поляк халқы халықаралық жағдаймен таныстырды.

ЕГІНДІ ДЕР НЕЗІНДЕ ЖЫЙНАП АЛУ— БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫС

ЕГІН ЖЫЙНАУДА ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЛСЫН!

Жұмыс жоспары қағаз жүзінде қалған

Қара бидай егілген егін даласында ермен ісі мұрынында жарады. Ауыр басын көтере алмай жерге иіліп тұрған қара бидайға ермен үстемдік құрған тәрізді. Бұл «Коминтерн» колхозының председатели Шумило жолдастың есінін арам шөбін отау жөнінде Булаев аудандық жер бөлімін алдағанын, ал шын мәнінде егін ұқшаты бапталмағанын көрсетеді.

Колхозда 70 гектар алаңдағы қара бидайды құрай басын кеткен қазір оны орыста қыйып. Бірақ «Коминтерн» председатели Шумило жолдас «онай жол» тапқан көрінеді. Ол егіннің басын кеткен қазір оны орыста қыйып. Бірақ «Коминтерн» председатели Шумило жолдас «онай жол» тапқан көрінеді.

Бұл егінді есептен шығарып тастау керек, дейді.

Қалыңша есептен шығарып тастау керек, дейді.

Қолхозшылар мұнда мол астық бар екендігін тұрған масақтарын көрмейсіз бе? Ауданда колхоз «қожасы» өз сөзінде тұрды. Ол өзінің шалағайлығы салдарынан қара бидай оруды кешегідей етті. Ал енді құрай басқан егінге әкті жасап, қылмысын бүркемелемекші.

Колхозда астық жыйнау жұмысы елеулі көлемге ұшырап отыр. Осы күнге дейін 165 гектар қара бидай орылмай тұр. Орылған алаңның өзінің масақтан аяқ алып жүре алмайды. Оны жыйнаған ешкім жоқ. Қырмандағы қолдан мен мекенде де қолдан қалған.

Егін жыйнау жұмысының мұншалықты нашар ұйымдастырылуына жұмыс жоспарының бұрмалануы себеп болып отыр. Егін жыйнау жұмысы басталмай тұрғанда жасалған жұмыс жоспары тек қағаз жүзінде қалған.

Жұмыс жоспары бойынша қара бидай оры 6 августа аяқталуға тиіс еді. Бірақ еңбек өнімділігінің төмендігі сондай. «Сталинец» комбайны күнделік мөлшердің жарты егін да орындай алмай жүр. Ол комбайнмен 4 күнде 32 гектар ғана қара бидай орды.

Колхозда 8 лобогрейка бар. Олардың бірі жөнделген. Ал жұмысқа оның бесеуі ғана қосылған. Жұмыс жоспары жасалғанда әрбір лобогрейкамен күніне 4 гектардан

егін оры мөлшерленген еді. Бұл мөлшер срындальудың қарасында көрмей отыр. Әрбір лобогрейкамен еңбек өнімділігі 1,3 гектардан аса асады.

Басқа да жұмыстардың барысы ойдағыдай емес. Орылған 381 гектар егіннің 62 гектары ғана маяланды. 42 гектары ғана соғылды.

Колхоз басшылары колхозшылардың еңбек күніне заттай ақы бөлуге немқетті қарайды. Мемлекетке тапсырылған 266 центнер астықтың 15 проценті колхозшылардың еңбегіне бөлінбеген. Мұның өзі Шумило жолдастың Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысын бұрмалап, колхозшылардың еңбекке белсенділігін арттыра алмай отырғанын сыпаттайды.

Колхоз бойынша 450 гектар күздік егуге тиіс. Алайда, күздік егу әлі басталған жоқ. Зыб жұрту жері де осындай. Жоспар бойынша 600 гектар орнына, 149 гектар ғана зыб жұртылды.

Ауыл шаруашылық жұмыстарын табысты жүргізуге «Коминтерн» колхозында мүмкіншілік мол. Онда көлік және адам күші, машина және қол құралдары жеткілікті. Алайда, бұл мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай отыр.

«Коминтерн» колхозындағыдай жағдай басқа да колхоздарда бар. Жұмыс жоспары «Страна Советов» және басқа колхоздарда да қағаз жүзінде қалған. «Страна Советов» колхозында орылған 240 гектар қара бидайдың 1 гектары ғана маяланды. 100 гектардан аса қара бидай орылмай, оның дәлі жерге төгілуде. Қазірдің өзінде қара бидайдың әрбір гектарынан кем дегенде 1,5 центнер астық ысырап болып отыр.

Колхоздан жұмыс жоспары жабайы техникалық шара емес. Жасалған жоспарды мұлтіксіз орындағанда ғана егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру және басқа да ауыл шаруашылық жұмыстарын табысты жүргізуге болады. Не пайда, Булаевта жұмыс жоспары қағаз жүзінде қалған.

Колхозда 8 лобогрейка бар. Олардың бірі жөнделген. Ал жұмысқа оның бесеуі ғана қосылған. Жұмыс жоспары жасалғанда әрбір лобогрейкамен күніне 4 гектардан

егін оры мөлшерленген еді. Бұл мөлшер срындальудың қарасында көрмей отыр. Әрбір лобогрейкамен еңбек өнімділігі 1,3 гектардан аса асады.

Басқа да жұмыстардың барысы ойдағыдай емес. Орылған 381 гектар егіннің 62 гектары ғана маяланды. 42 гектары ғана соғылды.

Колхоз басшылары колхозшылардың еңбек күніне заттай ақы бөлуге немқетті қарайды. Мемлекетке тапсырылған 266 центнер астықтың 15 проценті колхозшылардың еңбегіне бөлінбеген. Мұның өзі Шумило жолдастың Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысын бұрмалап, колхозшылардың еңбекке белсенділігін арттыра алмай отырғанын сыпаттайды.

Колхоз бойынша 450 гектар күздік егуге тиіс. Алайда, күздік егу әлі басталған жоқ. Зыб жұрту жері де осындай. Жоспар бойынша 600 гектар орнына, 149 гектар ғана зыб жұртылды.

Ауыл шаруашылық жұмыстарын табысты жүргізуге «Коминтерн» колхозында мүмкіншілік мол. Онда көлік және адам күші, машина және қол құралдары жеткілікті. Алайда, бұл мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай отыр.

«Коминтерн» колхозындағыдай жағдай басқа да колхоздарда бар. Жұмыс жоспары «Страна Советов» және басқа колхоздарда да қағаз жүзінде қалған. «Страна Советов» колхозында орылған 240 гектар қара бидайдың 1 гектары ғана маяланды. 100 гектардан аса қара бидай орылмай, оның дәлі жерге төгілуде. Қазірдің өзінде қара бидайдың әрбір гектарынан кем дегенде 1,5 центнер астық ысырап болып отыр.

Колхоздан жұмыс жоспары жабайы техникалық шара емес. Жасалған жоспарды мұлтіксіз орындағанда ғана егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру және басқа да ауыл шаруашылық жұмыстарын табысты жүргізуге болады. Не пайда, Булаевта жұмыс жоспары қағаз жүзінде қалған.

2 МЫҢ ПҮТ АСТЫҚ ТАПСЫРДЫ

Ленин ауданындағы «Еңбек» ауыл шаруашылық артелінде соғыс жылының егін жыйнап алу асқан ұйымшылықпен жүргізілді. Лобогрейкамен егін жыйнаушылардың барлығы дерлік күнделік жұмыс мөлшерін артығымен орындап жүр.

Лобогрейкашы У. Дәуітов күн сайын 9 гектардай егін орып, күніне екі мөлшер орындауда. Егін оры жұмысы басталғалы Дәуітов жолдас стахановша еңбек істеу нәтижесінде 109 гектар егін орды.

Комсомолец Н. Бекенов және Ш. Хамзин жолдастар да егін даласында қажірлі еңбек істеуде. Бұл 2 жас отаншы өзара социалистік жарысқа түсіп, еңбек өнімін еселеген үстіне еселеуде.

Колхозда 700 гектардай егін орылды. Орылған егін қолма-қол маяланып соғылу да және соғылған астық қабылдау орнына жөнелтілуде. Бұл колхоз мемлекетке қазірдің өзінде 2 мың пұттан аса астық тапсырды.

Т. ЕГІЗБАЕВ.

ИГІЛІКТІ БАСТАМА

Приешім аудандық кеңес атқару комитетінің жанындағы бастауыш комсомол ұйымының мүшелері игілікті бастама бастады. Олар дем алыс күні бос уақыттарында колхоздың егін жыйнау жұмысына қатынасып жүр.

Бастауыш комсомол ұйымының секретарі Зубкова жолдас басқарған комсомолецтер Буденный атындағы ауыл шаруашылық артеліне 13 август күні дем алыста 2 мың

бау байлап берді. Бұл үшін колхоздан 50 еңбек күн алды.

Комсомолецтер өткен дем алыста да колхоздың егін жыйнау жұмысына көмектесті. Бұл күні олар егін маялап, 7 мая салды.

Қолмыз бос уақыттарын колхозға көмекке арнаймыз. Бұл үлгімізге аудан орталығындағы мекемелердегі барлық комсомолецтердің еруін тілек етеміз—дейді комсомолецтер.

М. ЕГІЗБАЕВ.

Комбайншы Алешина еңбек өнімін арттыруда

Булаев ауданындағы Булаев машина-трактор станциясының комбайншысы Екатерина Алешина жолдас еңбек өнімін еселеп арттыруда. Ол «Сталинец» комбайнымен 15 сменада 213 гектар егін орып, 261 килограм жанармай үнемдеді. Алешина жолдас бұл еңбегіне 935 сом ақша және 27 пұт астық келетіндігін қабарлады.

Біз жұмысымыздың табысты болуы үшін, —дейді Алешина жолдас, —комбайнды

күтудің техникалық ережесін мұлтіксіз орындаймыз. Күнделік таңертең жұмыс алдында комбайн мен трактордың барлық бөлшектерін қарап шығамыз, оларды майлаймыз. Кешке жұмыстан кейін машинаны шаян тазартып қоямыз. Машинаға уқыпты техникалық көз қарас және еңбекке социалистік тұрғыдан қарау жұмыс мөлшерін екі есе арттыруға жағдай туғызды.

К. ЖАПАРОВ.

Күздік егін егілуде

МАМЛЮТКА. (Өз тілішімізден) Мамлют ауданының алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылық артельдері күздік егін егу жұмысын соғыстағыша жүргізіп жатыр. «Свободный труд» ауыл шаруашылық артелінде (председателі Тупов жолдас) 152 гектар қара бидай егісі егілді. «Завет Ильича»

ауыл шаруашылық артелінде 124 гектар күздік егіске тукым себілді.

Күздік егіс егу «Честный труд» және Сталин атындағы ауыл шаруашылық артельдерінде де қызу жүргізілді. Сталин атындағы колхоз күздік егу жоспарының 63 процентін орындады.

Одақтастардың Орта теңіздегі ұрыс қыймылдары майданындағы қарулы күштері штабының хабары.

ЛОНДОН, 21 август. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіздегі ұрыс қыймылдары майданындағы қарулы күштері штабының бүгін жарияланған хабарында былай делінген:

Американың үшінші армиясының бөлімдері дұшпанның қарсыласуын жеңіп, жағалау секторларындағы Мотауро өзеніне жетті. Бірнеше қыстақ алынды.

7-армияның бөлімдері оңтүстік Францияда жедел қарқынмен шабуыл жасап барады. Олар Ронның куйылысы—Дюранс өзенінің аймағында тұр, сойтіп Рудон іргесінде дұшпанның қорғау шебіне қауып төндіруде. 7-армияның әскерлері өзінің шабуылында дұшпанның қатты қарсылығына төтеп беруде. Француз әскерлері Тулон портнаы солтүстікке қарай 3 миль жердегі пунктке жетіп, солтүстік-батысқа қарай едәуір алға басты. Америка армиясының ал

дыңғы отрядтары Дюранс өзенінен өтіп, Пертюс қаласында дұшпанның гарнизонын қоршап алған француз қарулы күштеріне келіп қосылды. Одақтастар әскерлерінің екінші бір бөлімдері Экс қаласының (Прованс) төңірегіне жетті. Жаудан қолға түсірілген азаматтардың саны 14 мыңға жетті.

Ауыр бомбардировщиктер құрамасы 20 августа Чехословакиядағы мұнай қорытатын заводтарға, Венгриядағы темір жол депо мен аэродромға шабуыл жасады. Тактикалық авиация самолеттері оңтүстік Франция мен солтүстік Италияда жаудың қатынас жолдарын, шоғырланған әскерлері мен зенбірек батареяларын бомбалады. Одақтастар авиациясы Югославияда қыймыл жасады. Одақтастар самолеттері 21 августа қараған түнде Штейрдегі (Англия) танк заводына шабуыл жасады.

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабары

ЛОНДОН, 21 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының бүгін жарияланған хабарында былай делінген:

Әскерлеріміз Лизье бағытына қарай алға ілгеріледі. Границаның солтүстік-шығыс жағында шабуыл жасаушы бөлімдер қаладан 5 миль жерде тұр. Дұшпанның табан тіресе қарсыласуына қарамастан, Ви өзенінің оңжақ жағалауында жаңа алап алынды. Әскерлеріміз Ливро қаласын алып, Дюльдің оңтүстік жағында шабуылды ойдағыдай күшейтуде. Фалездің оңтүстік жағында дұшпанның қоршаудан шығуға тырысқан танктерінің қатты әрекеті тойт

рылды. Бұл ауданда алапты дұшпанның тарту үшін ұрыстар жүргізіліп жатыр. Аржантан біздің қолымызда. Жаудың қоршау да қалған кем дегенде 14 дивизиясының бөлімдеріне әскерлеріміз зенбіректерден еселеп оқ жаудырды. Одақтастар әскерлері Монт-гасенкур маңындағы Сена өзені ауданында тұр.

Әскерлеріміз оңтүстіктен Дре ауданында дұшпанның қарсыласу торабын жоюда. Орлеан төңірегіндегі германның жеке тойтары жою ісі аяқталды.

Қатты жанбыр мен дәуыл және селдір бұлт одақтастар авиациясының қыймыл жасауына кедергі болды.

Париж халқының оккупанттарға қарсы күресі

ЖЕНЕВА, 21 август. (ТАСС). Өткен түнде Париж радиосы үш рет Париждегі герман гарнизоны бастығының бұйрығын жариялады. Бұйрықта: «Гитлерге қарсы адамдар қолдарына қару алып, оккупацияшыл өкмет орындарына қарсы шықты» делінген. Германның әскер бастығы бұл күресітію үшін өзінің барлық күшті қолданатындығын айтып қоқанлоқылдық жасаған. Бұйрық бойынша, 21 сағаттан 0,7 сағатқа дейін қаланың көшелерінде жүруге, халықтың соғыс өңірі болып саналатын аудандардағы жолдармен жүруіне тыйым салынған.

«Герман әскерлері—делінген бұйрықта, бұл бұйрыққа бағынбаушы азаматтарға қарсы алдында ескертусіз қару қолданады. Барлық театрлар, кинолар мен ойын-сауық орындары, сондай-ақ, кафелер жабылады. Үйлердің барлық терезелері жабық болуға тиіс. Терезе алдында тұруға тыйым салынады. Ескітер мен қақпалар ашық болуы керек. Үштен артық адамдардың бір жерге топтануына тыйым салынады. Бұл бұйрыққа бағынбаушыларға әскерлер қару күшін қолданатын болады».

Солтүстік Франциядағы ұрыс ауданынан түскен соңғы хабарлар

ЛОНДОН, 21 август. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Парижге тікеш шабуылды өрістететін Америка әскерлері Версальға таяу, қаладан небары 6 миль жерде тұр. Мұнымен қатар, генерал Платонның басқаруындағы танк армиясының оңжақ қанаттағы әскерлері кең майданда

Парижді орағытып барады. Американың күзет әскерлері Медян мен Фонтенблоға таяу жерде тұрған көрінеді. Бұл жерде солтүстіктен, шығыс пен оңтүстік-батыс жақтан Парижге баратын барлық стратегиялық тас жолдар ұштасады.

Француз әскерлері Тулонға келіп кірді

ЛОНДОН, 21 август. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіздегі соғыс қыймылдары майданындағы қарулы күштері штабындағы Рейтер агенттігінің тілшісі, француз әскерлерінің Тулонға келіп кіргендігін хабар етті.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Германия өкмет орындары 20 июльде Гитлерге қастық әрекет жасауға әзірленуіне қатысқан Фриц Линдеман дегенді іздетіруде. Оны қолға түсірген адамға 500 мың марка мөлшерінде сыйлық берілетін болып тағайындалған.

Индия мен Америка арасында тікелей телеграф байланысы орнатылды.

Италия партизандары Муссолини армиясының бөлімдерін Ментоннан қуып шығарып, немістердің гарнизоны бар біраз пункттерден басқа, Лигурия мен Пьемонтты толық бақылап тұрған көрінеді.

Құрама Штаттарының соғыс шығындары осы жылғы июльде 7 миллиард 855 миллион доллар болды, ал июль айында бұл шығын 7 миллиард 957 миллион долларға жеткен еді.

Ванкувер (Канада) қалалық кеңесі неміс тобырларға қарсы кеңес халқының жүргізген тамаша күресіне сүйіспеншілік ретінде Одесаны қамқорлыққа алу жөнінде қарар шығарды.

Гитлердің Маннергеймді наградтауы

СТОКГОЛЬМ, 21 август. (ТАСС). Шведияның «Стокгольмский тиднингс» газетінің Берлиндегі тілшісінің хабары бойынша, жоғарғы командованияның гитлершіл штабының бастығы Кейтель өзі Хельсинкиде болған уақытта Гитлердің тапсырм бойынша, Маннергеймге және Финляндия бас штабының бастығы Гейрикске герман ордендерін тапсырған.

Француз партизандары Тулузаны алды

АЛЖИР, 21 август. (ТАСС). Алжир радиосының хабары бойынша, француз партизандары Тулуза қаласын алды.

Жауапты редактордың орынбасары К. ЭЛІМБАЕВ.

«ОКТАБРЬ» кино-театрында Бүгін және қансайын «Солтүстіктегі жұлдыз» Келесі программа: «Күнәуделі алқаптың күлі»

Сеанстар кешкі сағат 4-6-8-10-да басталады. Касса күндізгі сағат 3-тен ашық.

«УДАРНИК» кино-театрында «Қайыршы және патша баласы» деген көркем суретті дыбысты фильм көрсетіледі. Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады. Касса күндізгі сағат 3-тен ашық.